

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 14 маусымдағы № 396 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың атауы өзгертілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаментінің Луговая станциясындағы желілік полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көліктегі полиция департаментінің Түрксіб станциясындағы желілік полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/4 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 1 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/5 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 2 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/10 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 3 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/11 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 4 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/18 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 5 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/24 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 6 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ЕЦ-166/25 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан















75) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "РУ-170/1 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 74 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

76) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "УГ-157/1 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 75 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

77) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "УК-161/1 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 76 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

78) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ГМ-172/10 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 77 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

79) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ИЧ-167/4 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 78 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі;

80) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "УГ-157/11 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "№ 79 мекеме" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің "ОВ-156/18 мекемесі" республикалық мемлекеттік мекемесі таратылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мекемелерді мемлекеттік қайта тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулының 2-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2022 жылғы 14 маусымдағы  
№ 396 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 22 маусымдағы  
№ 607 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы;
- 2) Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті;
- 3) Әкімшілік полиция комитеті;
- 4) Көші-қон қызметі комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның туы, жалауы және нышаны, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері мен атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ішкі істер министрінің бұйрықтарымен, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010010, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Министрліктің міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

1) құқық бұзушылықтардың профилактикасы;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау;

3) қылмысқа қарсы күрес;

4) қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазаларды орындау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау; заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұрату және алу;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде дербес шешімдер қабылдау;

2) міндеттері:

адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандығын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғау;

әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Министрлік қолданыстағы заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмысқа қарсы күрес, қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де

шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазаларды орындау салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

4) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды қамтамасыз етеді;

5) ішкі істер органдары жүйесіндегі бірыңғай мемлекеттік кадрлық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында идеологиялық, имидждік, тәрбиелік және әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастырады;

7) ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының арнайы мақсаттағы бөлімшілеріне басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ олардың ұдайы жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз етеді;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпыреспубликалық және өңірлік жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шараларды өткізу бойынша ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асырады;

9) криминалдық, әкімшілік полицияның және ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының, қылмыстық-атқару жүйесінің, әскери-тергеу органдарының, Министрліктің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

10) криминалдық, әкімшілік полицияның және полицияның өзге қызметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, әскери-тергеу органдарының, Министрліктің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

11) ішкі істер органдары бірыңғай жүйесінің қызметін үйлестіруді және жоспарлауды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының, әскери-тергеу органдарының қызметін үйлестіру мен ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше және әскери жағдай режимі енгізілген жағдайда оны қамтамасыз етуді, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады ;

14) авариялардың, өрттердің, дүлей апаттардың салдарын жою кезінде және басқа да төтенше оқиғалар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады;

- 15) ауыр қылмыстар жасаған, жаппай тәртіпсіздіктер, дүлей апаттар мен басқа да төтенше оқиғалар кезінде күштер мен құралдарды жедел басқаруды қамтамасыз етеді;
- 16) ішкі істер органдарын агрессияны тойтаруға жауынгерлік әзірліктің және бейбіт уақыттағы төтенше жағдай кезінде жедел-қызметтік әзірліктің жоғары дәрежесіне ауыстыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;
- 17) республика өңірлеріндегі жедел ақпаратты үздіксіз жинауды және криминогендік ахуалды кешенді талдауды қамтамасыз етеді;
- 18) ішкі істер органдарының жұмылдыру дайындығы, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған кезде олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдарының арнаулы бөлімшелерінің толық және уақтылы жұмылдыруға ұдайы әзірлігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді;
- 19) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін, мемлекеттік органдарды республикадағы қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті сақтаудың жай-күйі туралы хабардар етеді;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтауды, құқық бұзушылық пен қылмыстардың профилактикасын жетілдіруге бағытталған шаралар әзірлейді;
- 21) елді мекендерде қоғамдық тәртіпті сақтауға арналған бейнебақылау жүйелері мен бейнетіркеу құралдарын енгізуді және пайдалануды жүзеге асырады;
- 22) мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға арналған стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды білім және ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді;
- 23) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 24) спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді;
- 25) қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау саласында және ішкі істер органдарының қарамағына жатқызылған өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды, ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 26) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында республикалық ақпараттық жүйені құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 27) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын әзірлейді;
- 28) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

29) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының, ішкі істер органдарының объектілерін, сондай-ақ күзетілетін объектілер мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

30) жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

31) жеке күзет ұйымдарының күзетшісі құжатының нысаны мен үлгісін әзірлейді және бекітеді;

32) жеке күзет ұйымында күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлерге арналған нысанды киім үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

33) күзет қызметімен, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждаумен, баптаумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерді және жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

34) мемлекеттік күзетілуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді ұйымдастырады;

35) халықаралық шарттарға сәйкес қорғалуы мемлекетке жүктелген объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

36) мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды ұйымдастырады;

37) күзет қызметі субъектілерінен олардың "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұратады;

38) ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

39) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлейді және бекітеді;

40) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сынаудың криминалистикалық талаптары мен әдістерін, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- 41) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 42) азаматтық және қызметтік қаруды қауіпсіз ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 43) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;
- 44) азаматтық және қызметтік қарудың иелері мен пайдаланушыларын даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған өлшемшарттарды әзірлейді және бекітеді;
- 45) заңсыз сақталатын атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтеулі тапсыру тәртібін белгілейді;
- 46) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының мемлекеттік кадастрын әзірлеу, басып шығару және жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 47) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы салаларындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдарын) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысанын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;
- 48) ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 49) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;
- 50) табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 51) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 52) учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 53) жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар әзірлейді;
- 54) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілерінің қоғамдық тәртіпті сақтауды және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуі жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

55) жүргізуші куәліктері, көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік бланкілерінің, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің нысандары мен үлгілерін әзірлейді және бекітеді ;

56) біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның қызметін жүзеге асыру қағидаларын, көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау бойынша білім беру процессі уақытында оқытушыға, өндірістік оқыту шеберіне және жүргізуді үйрету шеберіне кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін, кәсіптік бірлестіктердің өз қызметі туралы есептілігінің нысаны мен оны ұсыну мерзімділігін әзірлейді және бекітеді;

57) мемлекеттік органдардың жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

58) жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтауға және арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша бояуға жататын жедел және арнайы қызметтердің тізбесін әзірлейді;

59) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

60) мас күйді куәландыруға жіберу, мас күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидаларын әзірлейді;

61) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға олардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген міндеттерін орындауы үшін көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша ұсыну тәртібін және ұсынуды айқындайды;

62) халықты жол жүрісі қауіпсіздігі мәселелері бойынша құқықтық сауаттандыруды және оларды хабардар етуді қамтамасыз етеді;

63) жол қауіпсіздігі және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

64) азаматтарды қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес іс-шараларға тарту тәртібін, нысандарын және түрлерін айқындайды;

65) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға арналған куәліктің үлгісі мен эмблема рәмізін әзірлейді және бекітеді;

66) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен заңды тұлғаларға есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының

- аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсаттар беруді жүзеге асырады;
- 67) жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;
- 68) ішкі істер органдарындағы жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 69) күдіктілерді, айыпталушыларды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан, ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұсталатын, профилактикалық есепке қойылған адамдарды криминалистикалық есептерге қою үшін биологиялық, одорологиялық және басқа да үлгілерді іріктейді, суретке түсіреді, дактилоскопия жасайды, дыбыс жазуды, кино- және бейнетүсірілімді жүргізеді;
- 70) дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларын әзірлейді;
- 71) дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың дерекқорларын қалыптастыру, жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 72) ғылыми-техникалық және өзге де зерттеулер жүргізеді;
- 73) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүзеге асырады;
- 74) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мамандандырылған күзет бөлімшелерінің қызмет өткеруін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 75) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің жолаушылар поездарын сүйемелдеу жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;
- 76) Қазақстан Республикасына арналған халықаралық квоталарды Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің бекітуі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республиканың есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға қажеттілік нормаларын ұсынады;
- 77) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы мемлекеттік және өзге де ұйымдардың, сондай-ақ есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналықтан басқа мақсатта тұтынудың профилактикасы жөніндегі өңірлік комиссиялардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;
- 78) Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізімін, заңсыз айналымда жүргені анықталған есірткіні, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды шағын, ірі және аса ірі мөлшерге жатқызу туралы жиынтық кестені және есірткінің, психотроптық заттардың құрылымдық формулаларындағы сутегі, галогендер және (немесе) гидроксильді топтар атомдарын алмастырғыштар тізімін әзірлейді;
- 79) уәкілетті органдармен бірлесіп, мемлекеттің есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларға қажеттілік нормаларын айқындайды;

80) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен бірлесіп, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымының барлық түрлерінің ауқымын болжайды;

81) Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйін және өрбу үрдісін, есірткінің заңсыз айналымға түсуінің өңіраралық көздері мен арналарын, олардың жолын жабу жөніндегі шаралардың әзірлемесін, тиісті ақпараттық-талдау материалдарының дайындалуын талдайды;

82) уәкілетті органдармен бірлесіп, есірткінің, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл жасау саласында ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

83) жеке басты куәландыратын құжаттардың: Қазақстан Республикасының азаматы паспортының, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адам куәлігінің және жол жүру құжатының үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін әзірлейді;

84) жол жүру құжатының үлгісін бекітеді, жол жүру құжатын беруді қамтамасыз етеді;

85) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығына дәлелдемелері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін айқындау жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

86) егер жаңа тұрақты тұратын жеріндегі мемлекетте осындай зейнетақы тағайындаудың осы мемлекеттің заңнамасында көзделген шарттарын сақтамауына байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлеуден бас тартылса, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекетке тұрақты тұруға кеткен зейнеткерлерге – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бұрынғы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жалғастыру тәртібін айқындайды;

87) шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

88) шекаралық аймақта тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекаралық аймақ тұрғынының куәліктерін беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

89) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша қабылдаушы тұлғалардың өздеріне келетін көшіп келушілер туралы ақпарат беруінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың транзиттік жол жүру тәртібін айқындайды;

90) өз құзыреті шегінде сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жасау, жүргізу және пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

- 91) ішкі істер органдарының қызметкерлерін аттестаттаудан өткізеді;
- 92) ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастырудың мазмұны мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 93) атыс және өзге де қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін қолдануымен байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға қызметкерлердің жарамдылығын айқындау тәртібін белгілейді;
- 94) ішкі істер органдары жеке құрамының арасында спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырады;
- 95) табельдік қаруды алу және тапсыру, сондай-ақ қызмет атқару барысында қаруды және оқ-дәріні қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;
- 96) ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне сыныптық біліктілік беру, оны жоғарылату, растау, төмендету және алып тастау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 97) ішкі істер органдарына қызметке қабылдау, лауазымға тағайындау, қызмет бабында орын ауыстыру, жоғарлату демалыстар беру, арнаулы атақтар беру, жұмыстан шығару және іссапарға жіберу туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 98) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрлар даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, кадрларға қажеттілікті және Министрліктің білім беру ұйымдарының түлектерін ішкі істер органдарының бөлімшелеріне бөлу тәртібін айқындайды;
- 99) құрылымдар мен штаттарды, оның ішінде үлгілік, штаттық нормативтерді, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлері жүктемесінің нормативтерін әзірлейді және бекітеді;
- 100) лауазымдар номенклатурасын, ішкі істер органдарындағы лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын, конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, қызметке кіру кезіндегі конкурс пен тағылымдаманы өткізудің шарттары мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 101) полиция қызметкерінің стандартын әзірлейді және бекітеді;
- 102) ішкі істер органдарының жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 103) ішкі істер органдарында мемлекеттік құпияларды қорғауды, құпиялық режимінің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;
- 104) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік етеді, ішкі істер органдары жүйесінде құпияландыруға жататын мәліметтердің, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік мәліметтердің тізбесін бекітеді;
- 105) ішкі істер органдарында басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

- 106) ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 107) ішкі істер органдарында нысанды киіммен қамтамасыз ету, оны сақтау, есепке алу және есептен шығару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 108) ішкі істер органдары қызметкерлерінің нысанды киімінің сипаттамасын, айырым белгілерін, сондай-ақ оны киіп жүру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 109) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының автокөлік бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 110) бекітілген заттай нормаларға сәйкес ішкі істер органдарының теңгеріміндегі (пайдалануындағы) арттехқару-жарақ мүлкін есепке алу, беру, пайдалану, санаттау, жою, тасымалдау, сақтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 111) мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында олардың қызметінің Министрліктің қарауындағы барлық бағыттары бойынша ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жүзеге асырады;
- 112) ішкі істер органдарының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 113) Министрліктің соттардағы, өзге де мемлекеттік органдардағы мүдделерін қорғауды және осы жұмысты жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 114) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін қабылдауды, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын уақтылы және толық қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;
- 115) бағынысты органдар мен ішкі істер бөлімшелерінің қызметін ішкі бақылауды жүзеге асырады;
- 116) Министрлік жүйесінің өзіндік қауіпсіздігін, ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ олардың қызметінде заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді;
- 117) барлық деңгейдегі басшылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың жай-күйі және қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін дербес жауапкершілігін қамтамасыз етеді;
- 118) Министрліктің арнайы мемлекеттік архивінің құжаттарын қабылдауды, оларды сақтауды, есепке алуды және пайдалануды жүзеге асырады;
- 119) ведомстволық және жедел есепке алуды құрады, пайдаланады және жетілдіреді ;
- 120) ведомстволық есепке алуды қалыптастыру және пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;
- 121) ақпараттық және ақпараттық-талдамалық жүйелерді құрады, пайдаланады және жетілдіреді;

122) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының, арнаулы, құқық қорғау және мемлекеттік органдарының бөлімшелерін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

123) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнама және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, ішкі істер органдары бөлімшелерінің Министрліктің ақпараттық ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

124) ведомстволық статистикалық, архивтік және өзге де ақпаратты жинауды, жинақтауды, өңдеуді, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады;

125) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын қалыптастыруға қатысады;

126) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

127) өз құзыреті шегінде ақпараттық-талдамалық қызметті жүзеге асырады;

128) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

129) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлейді және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп бекітеді, сондай-ақ бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барып, профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдерін бекітеді;

130) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының кинологиялық қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

131) аумақтық ішкі істер органдары жанындағы консультативтік-кеңесші органдар туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді;

132) күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды айдауылмен алып жүру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

133) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында ұсталатын күдіктілерді және айыпталушыларды күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметті атқаруды ұйымдастыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

134) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың есебін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

135) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдер тізбесін бекітеді;

136) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою туралы ұсыныстарды дайындауды және уәкілетті органға енгізуді жүзеге асырады;

137) стандарттау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді жүзеге асырады;

138) стандарттау жөніндегі құжаттар мен ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарайды;

139) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

140) стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысады;

141) өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

142) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының авиациясын қоғамдық тәртіпті сақтауда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қолдану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

143) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әуе-десанттық даярлығы қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

144) теміржол көлігімен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери және арнайы тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

145) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының арнайы мақсаттағы әскери бөлімдерін (бөлімшелерін) қызметтік-жауынгерлік қолдану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

146) теңбіл берет пен теңбіл түсті тельняшканы киіп жүру құқығына біліктілік сынақтарын өткізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

147) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы штабтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

148) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында психологиялық жұмысты ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

149) денсаулық сақтау органдарына есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты мінез-құлығында психикалық ауытқу (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруда олардың теріс пайдаланылуы саласындағы қызметті реттеуде және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз етуде жәрдемдеседі;

150) уәкілетті органдармен бірлесіп, есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына және теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;

- 151) өз құзыреті шегінде қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 152) жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырады;
- 153) ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асырады;
- 154) заңнамада белгіленген тәртіппен қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау жөніндегі жедел-іздестіру және бөгеу іс-шараларын, операцияларды, сондай-ақ оларды өзге де құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдем көрсетуді жүргізеді;
- 155) қылмыстарды ашу және қылмыскерлер мен олардың байланыстарын анықтау үшін ақпараттық-талдамалық жүйелерді пайдаланады;
- 156) борышкерлерді, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, анықтау, тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіруді жүзеге асырады;
- 157) арнаулы, құқық қорғау және мемлекеттік органдармен бірлесіп, терроризм актілерінің жолын кесу бойынша терроризмге қарсы және арнайы операцияларға қатысады;
- 158) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттермен экстрадицияланатын және сотталған адамдарды қабылдау-тапсыруды ұйымдастырады;
- 159) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің халықаралық практикасын талдайды және қорытындылайды, есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл жасау шараларын, сондай-ақ осы саладағы заңнаманың қолданылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 160) қолданыстағылармен салыстырғанда есірткілік әсері кемірек, неғұрлым тиімді, қаупі төменірек есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;
- 161) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен шет мемлекеттердің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі сауалдарын орындайды;
- 162) жедел-іздестіру іс-шаралары мен арнайы операциялардың өткізілуін, сондай-ақ жедел-іздестіру іс-шараларын өткізуге құқығы бар ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;
- 163) әскери-тергеу органдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 164) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

165) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жөніндегі жедел-іздігіру қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады, әскери қызметшілер жасаған, ішкі істер органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергейді;

166) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғауды жүзеге асырады;

167) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою, сондай-ақ есірткіні заңсыз тасымалдау арналарын жабу жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді;

168) жедел есепке алуды қалыптастыруды, жүргізуді жүзеге асырады;

169) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

170) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, қарқынды байқау жасалатын мамандандырылған үлгідегі мемлекеттік психиатриялық ұйымды күзету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

171) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, қарқынды байқау жасалатын мамандандырылған үлгідегі мемлекеттік психиатриялық ұйымды инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жабдықтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

172) Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі;

173) әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

174) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердегі (ұйымдардағы) тиісті контингентке медициналық қарап-тексеру жүргізу тәртібі мен мерзімділігін белгілейді;

175) ведомстволық әскери-медициналық (медициналық) статистикалық есептілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

176) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын, ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені әзірлейді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

177) Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында және мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде қызмет өткеру үшін адамдардың денсаулық жағдайына қойылатын талаптарды әзірлейді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен келісу бойынша бекітеді;

178) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын, әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережені әзірлейді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

179) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерді әзірлейді, бекітеді, олардың күшін жояды, тоқтата тұрады, сондай-ақ техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;

180) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестер құрады;

181) техникалық реттеу саласындағы сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені бекітеді;

182) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және орындайды;

183) қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылатын адамдардың өздері таңдаған тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына бару жолында тегін жол жүрумен, сондай-ақ азық-түлікпен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

184) қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарды есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

185) күдіктілер, айыпталушылар, сотталғандар және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің балалар үйлеріндегі балалар үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

186) ұсталған, күзетпен қамауға алынған және арнаулы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларын әзірлейді және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

187) жеке күзет ұйымдары жұмыскерлерінің пайдалануына арналған қарудың түрлерін, типтерін, модельдері мен санын әзірлейді және бекітеді;

188) жеке күзет ұйымдары жұмыскерлерінің пайдалануына арналған арнаулы құралдар тізбесін әзірлейді және бекітеді;

189) құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;

190) заңнамаға сәйкес лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

191) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының лицензиялау және рұқсаттар беру саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

192) лицензиаттардың қызметін, оның ішінде олардың қойылатын біліктілік талаптарға сай келуін бақылауды жүзеге асырады;

193) ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылауды ұйымдастырады;

194) қамаудағылар мен сотталғандарды күзетуді және айдауылдаумен алып жүруді бақылауды ұйымдастырады;

195) режимдік және ерекше күзетілетін объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

196) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

197) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының наградалық қаруды сақтауына және алып жүруіне рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

198) заңды тұлғаларға экспорттық бақылауға жататын өнімнің (азаматтық пиротехникалық заттардың және олар қолданылып жасалған бұйымдардың) экспорты мен импортына лицензия алу үшін өтінішті келіседі;

199) әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті қамтамасыз етеді;

200) қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді;

201) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;

202) жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу жөнінде шаралар қолданады;

203) жастар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

204) өз құзыреті шегінде балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

205) балаларға тыйым салынған ақпарат қамтылған ақпараттық өнім кәмелетке толмағандарға таратылған кезде Қазақстан Республикасының балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

206) белгіленген тәртіппен көлік құралдарын сүйемелдеуді ұйымдастырады;

207) жүргізуші куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды ұйымдастырады;

208) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелерді ұйымдастырады;

209) автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық электрлік көлік желілерін, тұрғын үй кешендерін және жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жаңа көлік құралдарының үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссияларға қатысады;

210) жол жүрісін реттеуді ұйымдастырады;

211) мүгедектерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға

және басқаруға арналған нормативтік, жобалық және техникалық құжаттаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келіседі;

212) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және орындау үшін міндетті нұсқамаларды беруді бақылауды ұйымдастырады;

213) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша құжаттаманы белгіленген тәртіппен келіседі;

214) жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құрады және пайдаланады;

215) облыстық немесе аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы берген рұқсат болған кезде келіседі;

216) азаматтарға құқықтық тәрбие беруге қатысады, құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

217) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, оқу, тәрбие мекемесінің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің педагогтерін, тәрбиешілерін, басқа да қызметкерлерін анықтауды ұйымдастырады, оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;

218) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды, оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

219) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеуге жәрдемдеседі;

220) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

221) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

222) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдем көрсетеді;

223) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерін қорғауды, олардағы жедел жағдайды бақылауды, персоналдың, күдіктілердің, сезіктілердің және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оларды айдауылмен алып жүруді жүзеге асырады;

224) қарқынды байқау жасалатын мамандандырылған үлгідегі мемлекеттік психиатриялық ұйымды күзетуді қамтамасыз етеді;

225) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы жолданымдарын қарайды, оларды есепке алу мен тіркеуді жүзеге асырады;

226) қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды, белгілі бір тұрғылықты жері мен құжаттары жоқ адамдарды әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілер мен айыптыларды айдауылдаумен алып жүруді, қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің атқарылуын ұйымдастырады;

227) жаппай тәртіпсіздіктердің, оның ішінде түзеу мекемелерінде жолын кесуде шаралар қабылдайды;

228) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етеді;

229) ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын ұйымдастырады;

230) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстау жөніндегі қызметті ұйымдастырады (қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі);

231) сотталғандарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындайды;

232) соттардың үкімдеріне, қаулыларына және ұйғарымдарына сәйкес сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастырады;

233) кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе)

мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне қатысты жеке профилактика жағдайын бақылайды;

234) ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталғандарды уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, сондай-ақ ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуді ұйымдастырады;

235) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарды психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және масаң күйде болу фактісін анықтау тұрғысынан куәландыру үшін медициналық ұйымдарға жеткізуді ұйымдастырады;

236) көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келудің, Қазақстан Республикасынан кетудің, Қазақстан Республикасында болудың және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүрудің белгіленген қағидаларын сақтауын бақылайды;

237) Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

238) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судьялардың талаптарын, прокурордың қаулыларын, ұйғарымдарын және талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

239) сотталғандарға түзетушілік ықпал етуді, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдалана отырып ұйымдастырады;

240) сотталғандардың еңбекпен айналысуын ұйымдастырады;

241) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді;

242) күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстауды жүзеге асырады;

243) сотталғандардың жалпы білім алуын және оларды кәсіптік оқытуды ұйымдастырады;

244) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тартуды жүзеге асырады;

245) сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, сотталғандарды түзеудің нәтижелерін бекіту, оларды жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайын жасау бойынша қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

246) пробация қызметтерінің жұмысын үйлестіреді;

247) пробацияны жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

248) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының жасақталуын жоспарлайды және ұйымдастырады;

249) төтенше жағдай құқықтық режимін қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың салдарын жою, сондай-ақ заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күрес, жанжал аудандарын оқшаулау және тосқауыл қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террористік актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу, тайталасушы тараптарды ажырату, заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, жанжал ауданында халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының қызметкерлерін тарту туралы шешімдерді орындайды;

250) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының кадрларын іріктеуді, бөлуді, оларды республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шарттық негіздерде басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқытуды жүзеге асырады;

251) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының өңірлік қолбасшылықтарының, құрылымдарының, әскери бөлімдерінің және әскери-оқу орындарының орналасқан жерлеріндегі медициналық қамтамасыз етуді және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қадағалауды жүзеге асыруды ұйымдастырады;

252) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларын өткізуге қатысады;

253) арнайы және әскери тасымалдауларды ұйымдастырады;

254) адамдардың шекаралық аймаққа кіруін, онда уақытша болуын, тұруын және жүріп-тұруын бақылауды дербес немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп жүзеге асырады;

255) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық режим қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

256) Мемлекеттік шекараны бұзған адамдарды және өзге де құқық бұзушыларды іздестіруде, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың мән-жайларын анықтауда және тексеруде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жәрдем көрсетеді;

257) шекаралық кеңістіктегі құқық тәртібінің жай-күйі, тұрғылықты жерінен белгісіз мән-жайларда кетіп қалған адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты құқыққа қарсы пиғылдары бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін хабардар етеді;

258) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың, оның ішінде босқындардың жергілікті жердің жекелеген учаскелеріне немесе шекаралық кеңістікте орналасқан объектілерге баруын уақытша шектейді немесе тыйым салады;

259) ұлттық қауіпсіздік органдарының ұсынуы бойынша табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушыларды шекаралық іздестіру, шектес мемлекет азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруіне немесе жаппай өтуіне тойтарыс беру кезінде пана іздеген адамдар мен босқындардың шекаралық аймақта ( белдеуде) орналасқан жергілікті жердің жекелеген учаскелеріне немесе объектілерге баруын шектейді немесе тыйым салады;

260) шекаралық аймақта және шекаралық белдеуде қоғамдық-саяси, мәдени және өзге де іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді;

261) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен ішкі істер органдарының күштері мен құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға қатысуын қамтамасыз етеді;

262) дербес немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының халқына құқықтық тәрбие беруге қатысады, шекаралық кеңістікте құқық бұзушылықтардың профилактикасын жүзеге асырады;

263) азаматтық, сондай-ақ құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

264) көші-қон процестерін мониторингтеуді жүзеге асырады;

265) шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың келуі мен кетуін есепке алудың бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, мәліметтердің жүйелі түрде жаңартылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен және ұлттық қауіпсіздік органымен уақтылы ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

266) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының визаларын беруді, күшін жоюды, қалпына келтіруді, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзартуды және қысқартуды не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын беруден бас тарту туралы шешім қабылдауды қамтамасыз етеді;

267) шетелдіктердің Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша келуіне шақыруды ресімдеуді, Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы адамдардың шақыруын қабылдауды және келісуді қамтамасыз етеді;

268) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алуды қамтамасыз етеді;

269) шығарып жіберу туралы сот актісі шығарылған көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының шегінен уақтылы кетуін бақылайды;

270) заңсыз көшіп келудің жолын кесу жөнінде шаралар қолданады;

271) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көшіп келушілердің Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту туралы шешім қабылдайды;

272) Қазақстан Республикасының аумағында жүрген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына қатыстылығына дәлелдемелері жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін айқындау жөнінде шешім қабылдайды;

273) Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеуді не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасынан тұрақты тұрғылықты жерге кетуіне рұқсаттар беруден бас тарту туралы шешім қабылдауды қамтамасыз етеді;

274) Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша, соның ішінде уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алуды, тіркеуді және тіркеуден шығаруды қамтамасыз етеді;

275) заңсыз көшіп келушілерді, пана іздеген адамдарды және босқындарды соттың заңды күшіне енген шешімдерін орындау үшін мәжбүрлеп шығарып жіберуді жүзеге асырады;

276) пана іздеген адамдар мен босқындарды Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркеуді қамтамасыз етеді;

277) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді жүзеге асырады;

278) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыруды орталықтандырылған түрде жүзеге асырады әрі тіркеуші және басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелерге ақпарат береді;

279) сәйкестендіру нөмірі бар құжаттардың жасалуын ұйымдастыруды жүзеге асырады;

280) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша өтініштер қабылдауды қамтамасыз етеді және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

281) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеуді қамтамасыз етеді;

282) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын, одан айырылуын тіркеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматы болуын (болмауын) айқындауын қамтамасыз етеді;

283) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) ресімдеуді қамтамасыз етеді;

284) сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім бойынша сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен зертханаларды құру, жаңғырту және жаратандыру жөнінде ұсыныстар дайындайды;

285) Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне (ұлттық бөлігінен) сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды қосу немесе алып тастау жөніндегі жұмысқа қатысады;

286) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен белгіленген құзырет шеңберінде тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

287) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындайды және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізеді;

288) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Министрлікке басшылық етуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктері жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

17. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрін Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің өкілеттіктері:

1) ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне басшылықты жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдарының құрылымы мен штат санын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ішкі істер органдарының штат санының лимитін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

4) өз орынбасарларының, сондай-ақ комитеттер төрағаларының және Министрліктің өзге де құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттіктер шеңберін айқындайды, жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

5) Министрліктің атынан ішкі істер органдары орындауға міндетті құқықтық актілер, өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары басшылығының президенттік резервінде тұрған полиция қызметкерлерінің қатарынан облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың полиция департаментінің бастығын лауазымға тағайындайды;

7) ішкі істер органдарының қызметкерлерін, әскери қызметшілерін және жұмыскерлерін тағайындайды, тәртіптік жазаға тартады және қызметтен босатады;

8) азаматтарды Министрліктің кадрына қабылдайды, оларға алғашқы және полиция (әділет) полковнигіне дейінгіні қоса алғанда, кезекті арнаулы атақтар, сондай-ақ Министрліктің әскери қызметшілеріне полковникке дейінгіні қоса алғанда, әскери атақтар береді;

9) Қазақстан Республикасының Президентіне ішкі істер органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерін мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға жоғары әскери арнаулы атақтар беру туралы ұсынымдар енгізеді;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді, әскери қызметшілерді және жұмыскерлерді тәртіптік жазаға тартады және оларға көтермелеу шараларын қолданады;

11) өз құзыреті шегінде заңнамаға сәйкес Министрліктің құрылымдық бөлімшелерін, Министрліктің ведомстволарын, аумақтық органдары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

12) мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдарда Министрлік атынан өкілдік етеді;

13) ішкі істер органдарындағы лауазымдар номенклатурасын, лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын, конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, қызметке қабылдау кезінде конкурс пен тағылымдама өткізудің шарттары мен тәртібін бекітеді;

14) республикалық бюджеттен бөлінген қаржы бөлу шегінде ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын ұстауға арналған қаржы қаражатын бөледі;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі болмаған кезде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы немесе Министрліктің лауазымды адамы басқарады.

#### **4-тарау. Министрліктің мүлкі**

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрлік өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

##### **1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі**

###### **Мемлекеттік кәсіпорындар**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Алатау" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Акционерлік қоғамдар

1. "Қазақстан" санаторийі" акционерлік қоғамы.

2. "Арман" санаторийі" акционерлік қоғамы.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медиа-орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

##### **2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің "Еңбек" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қылмыстық-атқару жүйесі (пенитенциарлық) мекемелерінің "

Еңбек-Өскемен" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Министрліктің қарамағындағы аумақтық органдардың және оның ведомстволары аумақтық бөлімшелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті.
4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті.
5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті.
7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шығыс Қазақстан облысының полиция департаменті.
8. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының полиция департаменті.
9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Батыс Қазақстан облысының полиция департаменті.
10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды облысының полиция департаменті.
11. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті.
12. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының полиция департаменті.
13. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының полиция департаменті.
14. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының полиция департаменті.
15. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті.
16. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Түркістан облысының полиция департаменті.
17. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының полиция департаменті.

18. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көліктегі полиция департаменті.
19. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті "Алматы" ауданының полиция басқармасы.
20. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті "Байқоңыр" ауданының полиция басқармасы.
21. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті "Есіл" ауданының полиция басқармасы.
22. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті "Сарыарқа" ауданының полиция басқармасы.
23. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Көкшетау қаласының полиция басқармасы.
24. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Степногорск қаласының полиция басқармасы.
25. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Ақкөл ауданының полиция бөлімі.
26. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Аршалы ауданының полиция бөлімі.
27. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Астрахан ауданының полиция бөлімі.
28. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Атбасар ауданының полиция бөлімі.
29. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Бұланды ауданының полиция бөлімі.
30. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Егіндікөл ауданының полиция бөлімі.
31. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Біржан сал ауданының полиция бөлімі.
32. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Ерейментау ауданының полиция бөлімі.
33. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Есіл ауданының полиция бөлімі.
34. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Жақсы ауданының полиция бөлімі.
35. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Жарқайың ауданының полиция бөлімі.
36. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Зеренді ауданының полиция бөлімі.

37. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Қорғалжын ауданының полиция бөлімі.
38. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Сандықтау ауданының полиция бөлімі.
39. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Целиноград ауданының полиция бөлімі.
40. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Қосшы қаласының полиция бөлімі.
41. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Шортанды ауданының полиция бөлімі.
42. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының полиция департаменті Бурабай ауданының полиция бөлімі.
43. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Ақтөбе қаласының полиция басқармасы.
44. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Әйтеке би ауданының полиция бөлімі.
45. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Алға ауданының полиция бөлімі.
46. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Байғанин ауданының полиция бөлімі.
47. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Ырғыз ауданының полиция бөлімі.
48. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Қарғалы ауданының полиция бөлімі.
49. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Мәртөк ауданының полиция бөлімі.
50. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Мұғалжар ауданының полиция бөлімі.
51. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Темір ауданының полиция бөлімі.
52. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Ойыл ауданының полиция бөлімі.
53. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Қобда ауданының полиция бөлімі.
54. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Хромтау ауданының полиция бөлімі.
55. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақтөбе облысының полиция департаменті Шалқар ауданының полиция бөлімі.

56. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Алатау ауданының полиция басқармасы.
57. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Алмалы ауданының полиция басқармасы.
58. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Әуезов ауданының полиция басқармасы.
59. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Бостандық ауданының полиция басқармасы.
60. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Жетісу ауданының полиция басқармасы.
61. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Медеу ауданының полиция басқармасы.
62. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Түрксіб ауданының полиция басқармасы.
63. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Наурызбай ауданының полиция басқармасы.
64. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының полиция департаменті Алматы қаласының метрополитендегі полиция басқармасы.
65. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Талдықорған қаласының полиция басқармасы.
66. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Еңбекшіқазақ ауданының полиция басқармасы.
67. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Іле ауданының полиция басқармасы.
68. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Қарасай ауданының полиция басқармасы.
69. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Талғар ауданының полиция басқармасы.
70. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Қапшағай қаласының полиция бөлімі.
71. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Текелі қаласының полиция бөлімі.
72. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Ақсу ауданының полиция бөлімі.
73. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Алакөл ауданының полиция бөлімі.
74. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Балқаш ауданының полиция бөлімі.

75. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Ескелді ауданының полиция бөлімі.
76. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Жамбыл ауданының полиция бөлімі.
77. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Қаратал ауданының полиция бөлімі.
78. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Кеген ауданының полиция бөлімі.
79. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Кербұлақ ауданының полиция бөлімі.
80. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Көксу ауданының полиция бөлімі.
81. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Панфилов ауданының полиция бөлімі.
82. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Райымбек ауданының полиция бөлімі.
83. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Сарқан ауданының полиция бөлімі.
84. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті Ұйғыр ауданының полиция бөлімі.
85. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті Атырау қаласының полиция басқармасы.
86. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Атырау облысының полиция департаменті Жылыой ауданының полиция бөлімі.
